

Қарағанды облысы білім басқармасының
Нұра ауданы білім бөлімінің
«Сәкен Сейфуллин атындағы жалпы білім беретін мектебі» КММ
кезектен тыс педагогикалық кеңестің №2 хаттамасынан көшірме

Өткізілген күні: 30.09.2025

Төрағасы: Балабиев А. Е.

Хатшы: Халымбай С.

Қатысқандар: 37

Қатыспағандар: 0

Күн тәртібінде:

1. Мектептің мемлекеттік аттестатталуы аясында жүргізілген өзін-өзі бағалаудың қортындысы туралы.

Тыңдалды:

Мектеп директоры А.Е. Балабиев Қазақстан Республикасы Оқу ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы №486 бұйрығы мен Қарағанды облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментінің 2024 жылғы 21 қазанда бекітілген 2025 жылға арналған мемлекеттік аттестаттауға жататын білім беру ұйымдарының тізбесі негізінде мектеп басшысының 2025 жылғы 18 тамызындағы «Мектепті өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу туралы» №118 бұйрығына сәйкес білім беру қызметтерінің сапасын көтеру бойынша, білім беру ұйымының қызметінің тиімділігін әділ талдау және өзіндік бағалау мақсатында мектептің өзін-өзі бағалауы 2025 жылдың 02 қыркүйектен 30 қыркүйекке дейін жүргізілгені туралы айтты.

Өзін-өзі бағалау барысында төмендегі бағыттар каралды:

- 1) білім беру ұйымдарының мақсаты, міндеттері мен құндылықтары;
- 2) оқыту және білім беру;
- 3) білікті қызметкерлердің болуы;
- 4) қолжетімді білім беру үшін жағдай жасау;
- 5) білім алушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету;
- 6) тиімді оқытуға ықпал ететін материалдық-техникалық база.

Өзін-өзі бағалау материалдарының қорытынды талдауы 2023-2025 жылдарындағы барлық бағыттар бойынша мектеп қызметін көрсететін бөлімдерге жинақталды. Мектептің өзін-өзі бағалау аттестаттау комиссиясы педагогикалық ұжымның ұйымдастырушылық, нормативтік-құқықтық, оқу-әдістемелік, тәрбие жұмысының және кадрмен қамтылу тиімділігіне өзіндік терең талдау жүргізді. Мектептің сараптамалық комиссиясы өзін-өзі бағалау материалдарын зерттей келе мынандай қорытындыға келді:

Қарағанды облысы білім басқармасының Нұра ауданы білім бөлімінің «Сәкен Сейфуллин атындағы жалпы білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің құқық белгілейтін және құрылтайшылық құжаттары: жарғысы, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы анықтама, куәліктері бар, рұқсат беру құжаттары бар. Білім беру ұйымының оқу үдерісі Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» бұйрығы талаптарына сәйкес келеді.

«Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту, орта, арнаулы, қосымша, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130 бұйрығына (бұдан әрі - №130 бұйрық) сәйкес оқу жылы басталғанға дейін тәрбие жұмысының жоспары, мектепті дамыту бағдарламасы, оқу-тәрбие жұмысының жоспары, мектепшілік бақылау жоспары, оқу жұмыс жоспарлары мектеп директорымен бекітілген, жоспарланған жұмыс талаптарға сай іске асырылған.

Білім беру ұйымының 2023-2024, 2024-2025 оқу жылдары мен 2025-2026 оқу жылының қыркүйек айындағы педагогикалық қызметке сараптамасы жан-жақты жасалды. Білім алушылардың оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптар сақталған. 2023-2024, 2024-2025 және 2025-2026 (1 ай) оқу жылдарында жалпы білім беретін оқу бағдарламалары мен МЖМБС талаптары толығымен орындалған.

Өзін-өзі бағалау комиссиясының шешімі бойынша Қарағанды облысы білім басқармасының Нұра ауданы білім бөлімінің «Сәкен Сейфуллин атындағы жалпы білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі қызметінің нәтижелері «жақсы» деп бағаланды.

Қаулы:

1.Өзін-өзі бағалау өлшемшарттарының 4-қосымшасына сәйкес Қарағанды облысы білім басқармасының Нұра ауданы білім бөлімінің «Сәкен Сейфуллин атындағы жалпы білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі қызметінің нәтижелері «жақсы» деп танылсын.

2.Өзін-өзі бағалау қорытындысы бойынша тиісті құжаттар мектеп сайтына жүктелсін.

Төраға:  А. Е. Балабиев

Хатшы:  С. Халымбай